



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 26 шілде

### **Ұлттық Банк 2018 жылғы II тоқсанда төлем ұйымдарын есептік тіркеу бойынша жүргізген жұмысының қорытындылары туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем ұйымдарының қызметін реттеу және бақылау функцияларын жүзеге асыру шегінде оларды есептік тіркеуді жүргізеді. Ұлттық Банкте есептікті тіркеуден өтүсіз төлем қызметін көрсету жөніндегі қызмет заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеледі.

Ұлттық Банк жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша берілген тіркеу нөмірлерін көрсете отырып, Төлем ұйымдарының тізілімін жасайды (Ұлттық Банктің интернет-ресурсында «Төлем жүйелері/Төлем ұйымын есептік тіркеу» бөлімінде орналастырылған). Көрсетілген Тізілімде төлем ұйымы көрсетуге құқылы төлем қызметтерінің тізбесі де берілген.

Аталған Тізілімге сәйкес ағымдағы күні Қазақстанның аумағында **төлем қызметін 40 төлем ұйымы көрсетуге құқылы.**

Ұлттық Банк 2018 жылғы II тоқсанда төлем ұйымдарының есептік тіркеу үшін берілген 20 өтінішін қарады. Жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша төлем ұйымы ретінде есептік тіркеуден 6 заңды тұлға өтті: «J.C. Company» ЖШС, «Робокасса» ЖШС, «INDIGO24» ЖШС, «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС, «RPS Asia» ЖШС, «Bloomzed.kz» ЖШС, Ұлттық Банкте 2017 жылғы ақпанда есептік тіркеуден өткен «PayForm» ЖШС төлем қызметтерінің тізбесі жаңа төлем қызметімен толықтырылды.

Ұлттық Банкте 29.03.2017 жылы № 02-17-018 есептік тіркеуден өткен «Digital Management» («PayBox» сауда маркасымен) ЖШС «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларының негізінде 26.06.2018 жылы төлем ұйымдарының тізілімінен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын жүйелі түрде бұзғаны үшін алып тасталды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына алады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)